

**"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кеніштеріндегі жер бетіне шығатын қатпарланып жатқан жыныс қалыңдықтарының опырылуынан болатын аварияларды болдырмау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 23 тамыз N 400

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кеніштеріндегі жер бетіне шығатын қатпарланып жатқан жыныс қалыңдықтарының опырылуынан болатын аварияларды болдырмау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы "Самсунг Дойч-ланд ГмБх" басқарушы фирмасының қатысуымен:

Жезқазған, Лермонтово және "4-ый километр" поселкелерінің өнеркәсіптік-азаматтық объектілерін тау-кен жұмыстарының зиянды әсерінен сақтауды қамтамасыз етуге, аталған поселкелердің халқына төнген қауіпті дер кезінде болжау мен ол туралы хабарлауға және опырылу болуы мүмкін аймақтардан тұрғындарды жедел көшіруге бағытталған арнайы шаралар әзірлесін;

Жезқазған облысы әкімінің қатысуымен 1997 жылдың II тоқсанынан бастап кезең-кезеңімен тау-кен жұмыстарының қауіпті әсер ету аймағынан тұрғындарды көшірудің және өнеркәсіп ғимараттарын, инженерлік және көлік коммуникацияларын шығарудың бағдарламасын әзірлесін және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін;

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кеніштерінің геомеханикалық қызметі мен кенқұтқару бөлімшелері үшін жабдық пен аспаптар сатып алуға қаржы бөледі қамтамасыз етсін;

Д.А.Қонаев атындағы Тау-кен ісі институтының, ҚазТӨҚҒЗИ, ҚазМҒЗИ және "Казгипроцветмет" жобалау институтының қатысуымен "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кеніштері үшін тау-кен жұмыстарының қауіпсіздік деңгейін көтеруге бағытталған ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі,

Мемкенқадағалаукомы, Жезқазған облысының әкімі:

арнайы шаралардың және қауіпті аймақтан тұрғындарды көшіру бағдарламасының орындалуына бақылауды қамтамасыз етсін;

1997 жылдың 1 қыркүйегіне қарай Қазақстан Республикасы Үкіметіне Үкімет комиссиясы ұсынған шаралардың орындалу барысы туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кеніштерінде жұмыстардың

қауіпсіз жүргізілуіне бақылауды күшейтсін.

Премьер-Министрдің  
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК